

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Болон процесса және академиялық ұтқырлық орталығы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА
ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТЫҢ БОЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ**

НҰСҚАУЛЫҚ

Нұр-Сұлтан, 2020

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнында
білім алу және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін
6 ҚАДАМ

1. ВИЗАНЫ АЛУ / ҰЗАРТУ

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014531>

2. ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕЛУ

<http://mfa.gov.kz/ru/content-view/registratsiya-inostrannykh-grazhdan-v-organakh-migratsionnoj-politsii-mvd-rk>

3. ЖЕКЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМЕРІН (ЖСН) АЛУ

<http://kgd.gov.kz/kk/app/interview-web/interview/2>

4. БАНКТІК ШОТТЫ АШУ

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014422>

5. САЛЫҚ ТӨЛЕУ

<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120>

**6. БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТЫ ТАНУ
(білім алушылар үшін)**

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017650>

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005135>

Шетел азаматы келесі мақсаттарда Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнында болады:

- білім алу;
- еңбек қызметін жүзеге асыру.

ҚАДАМ 1. ВИЗАНЫ АЛУ / ҰЗАРТУ

ҚР ЖОО шақыруын рәсімдеу

Шақырушы тарап өтінішті ҚР ІІМ (ПД Көші-қон қызметі басқармасы) / ҚР СІМ-не сапардың мақсаты (жұмыс істеу, оқу, іскерлік) көрсетілетін нысан бойынша кестемен қоса қолдаухат ұсынады.) (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600014531>).

Қолдаухат виза алушының Қазақстан Республикасына болжамды келу күніне күнтізбелік 90 күннен ерте емес және 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Еңбек ету үшін ҚР БҒМ шетелдік маманды тарту туралы бұйрығы, еңбек шарты қосымша ұсынылады.

ЕАЭО азаматтары (Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Армения) еңбек қызметін Қазақстан Республикасының аумағында еңбек шартының негізінде рұқсат алмай жүзеге асырады (https://egov.kz/cms/kk/articles/employment_relations/workpermit).

Виза алу үшін ұсынылатын құжаттар:

- 1) өлшемі 3,5 x 4,5 сантиметр болатын түрлі-түсті немесе ақ-қара фотосуреті бар визалық анкета;
- 2) ҚР шетелдік мекемесінде виза алу кезінде ҚР ІІМ немесе ҚР СІМ тіркелген шақыру нөмірі, күні (виза алушыға шақырудың нөмірі мен күнін шақырушы тарап хабарлайды) немесе виза алушының (48 елдің азаматтары) қолдаухаты;
- 3) жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) консулдық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

Азаматтары «В1» санатындағы визаны рәсімдеу кезінде шақыру қағазын ұсынудан босатылған экономикалық дамыған, саяси және миграциялық тұрақты мемлекеттердің тізімі: **48 ел:** Австралия, Австрия, АҚШ, Бельгия, БАӘ, Болгария, Бразилия, Германия, Греция, Дания, Жаңа Зеландия Жапония, Израиль, Иордания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Катар, Кипр, Корея, Латвия, Литва, Лихтенштейн, Люксембург, Венгрия, Малайзия, Мальта, Монако, Нидерланды, Норвегия, Оман, Польша, Португалия, Румыния, Сауд Арабиясы, Сингапур, Словакия, Словения, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Швейцария, Швеция, Эстония.

ҚР ЖОО-да болу мақсатына байланысты визалардың санаттары:

➤ **Іскерлік сапарға арналған виза (В1)** конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға, көрмелерге, концерттерге, мәдени, ғылыми, спорттық және басқа шараларға қатысушыларға беріледі; отырыстарға, дөңгелек үстелдерге, көрмелерге, сарапшылар кездесулеріне қатысушылар; гуманитарлық көмекті сүйемелдеу; білім беру ұйымдарында дәріс оқу және сабақ өткізу үшін келген адамдар; Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқуды қоспағанда, жастар, студенттік және мектеп алмасу бағдарламаларына қатысушылар.

В1 санатындағы бір мәртелі виза 90 күнге дейін, көп мәртелі В1 - 1 жылға дейін беріледі.

➤ **Еңбек қызметін жүзеге асыруға арналған виза (С3)** еңбек еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасына бара жатқан, немесе Қазақстан Республикасындағы адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

Бір мәртелі С3 визасы 90 күнге дейін, көп мәртелі С3 - 3 жылға дейін немесе рұқсаттың мерзіміне беріледі.

➤ **Білім алуға арналған виза (С9)** орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына түсу үшін Қазақстан Республикасына баратын адамдарға; орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі оқу бағдарламалары, оның ішінде білім алушылармен алмасу және дайындық курстарынан өту бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарында оқып жатқан адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне; Қазақстан Республикасына уақытша келген және Қазақстан Республикасының оқу орындарына оқуға түскен этникалық қазақтар, сондай-ақ визасыз режиммен келгендер, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне беріледі.

Бір мәртелі виза 90 күнге дейін, көп мәртелі 1 жылға дейін беріледі.

Электрондық виза (*іскерлік сапарға арналған санат*) белгіленген тәртіппен ҚР ІІМ көші-қон қызметі бөлімшелерінде ресімделген, қазақстандық тараптың жарамды шақыруы негізінде рәсімделеді.

(<http://mfa.gov.kz/ru/content-view/informacia-o-vnedrenii-elektronnoj-vizy-v-respublike-kazahstan-13>).

Іскерлік сапарларға арналған электрондық визалар **23 елдің** азаматтарына беріледі.

(Багам аралдары достастығы, Бермуд аралдары, Бурунди, Гондурас, Гренландия, Индонезия, Катар, Кувейт, Лаос, Макао (Оамынь), Марокко, Ватикан, Виргин аралдары, Вьетнам, Гаити, Камбоджа, Куба, Солтүстік Македония, Никарагуа, Оман, Сербия, Черногория, ОАР).

Шетелдіктер жарамды электронды визаны қолдана отырып, **тек Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының халықаралық әуежайларындағы өткізу пункттері арқылы ғана** ҚР аумағына кіре алады / кете алады.

Электрондық виза ҚР визалық - көші-қон порталы арқылы рәсімделеді (<https://www.vmp.gov.kz/kk/services>).

Электрондық виза тек виза алушы үшін жарамды, еріп жүретін адамдарға қолданылмайды және қайта ресімделмейді. Жол жүру құжатын (төлқұжат) ауыстырған кезде электрондық визаны қайтадан алу қажет.

Визаның қолданылу мерзімін ұзарту сол санаттағы виза беру арқылы жүзеге асырылады (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014531>).

ҚР ІІМ келесі санаттағы визаларды ұзартады:

➤ «С3» - бастапқы визаны алуға шақыруды рәсімдеген тараптың қолдау хаты және еңбек иммигрантының рұқсатының, егер мұндай рұқсат ҚР заңнамасына сәйкес қажет болса, болуы негізінде. «С3» санатындағы визаны ұзарту рұқсаттың мерзіміне, бірақ 3 жылдан аспайтын кезеңге ұзартылады.

➤ «С9» – білім беру саласындағы уәкілетті органның немесе ҚР тіркелген оқу орнының қолдау хаты негізінде. Визаны 1 жылға дейін мерзімге ұзартылады

Визаны ұзартуға құжаттар отыз жұмыс күнінен ерте емес және қолданыстағы визаның мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Консулдық алым (<http://mfa.gov.kz/ru/content-view/razmery-stavok-konsulskikh-sborov-vzimaemykh-za-sovershenie-konsulskikh-dejstvij>).

Бір мәртелі виза және оны ұзарту - 80 АҚШ доллары.

Көп мәртелі виза және оны ұзарту:

1 жыл - 200 АҚШ доллары; 2 жыл - 400 АҚШ доллары; 3 жыл - 600 доллар.

ҚАДАМ 2. ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ БОЙЫНША ТІРКЕЛУ

Шетелдік азаматтарды ішкі істер органдарында тіркеу ҚР-на 30 күнге дейінгі мерзімге келгендерге талап етілмейді.

Шетел азаматы 30 күннен артық болған жағдайда, ҚР ішкі істер органдарында уақытша тұруға рұқсат рәсімдеу керек (жұмысқа, оқуға келгендер).

Қабылдаушы тарап көші-қон қызметінің органдарына шетел азаматтары туралы олар келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000148>).

Бұл қызмет ҚР визалық-көші-қон порталында (<https://www.vmp.gov.kz/kk/services>) электрондық форматта қол жетімді, онда шақырушы тарап (жеке немесе заңды тұлға), егер электрондық цифрлық қолтаңба болса, Интернет арқылы көші-қон қызметін шетелдік азаматтың болуы туралы хабардар ете алады.

(<http://mfa.gov.kz/ru/content-view/registratsiya-inostrannykh-grazhdan-v-organakh-migratsionnoj-politsii-mvd-rk>).

ҚАДАМ 3. ЖЕКЕ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НОМЕРІН (ЖСН) АЛУ

ҚР көздерінен табыс алатын шетел азаматы салық салу мақсатында орналасқан жері бойынша мемлекеттік кірістер органына келу тәртібінде хабарласу арқылы ЖСН алуы қажет (<http://kgd.gov.kz/kk/app/interview-web/interview/2>).

Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты **қосарланған салық салуды болдырмау** және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы ҚР шет мемлекеттермен жасаған **53 конвенциясы** бар.

(Ұлыбритания, Италия, Канада, АҚШ, Нидерланды, Германия, Пәкістан, Польша, Түркия, Венгрия, Украина, Үндістан, Литва, Әзірбайжан, Беларусь, Ресей, Өзбекстан, Швеция, Болгария, Қырғызстан, Иран, Корея, Чехия, Монғолия, Бельгия, Түрікменстан, Румыния, Франция, Грузия, Эстония, Тәжікстан, Швейцария, Молдова, Латвия, Қытай, Норвегия, Австрия, Сингапур, Словакия, Жапония, Малайзия, Армения, Финляндия, Испания, Біріккен Араб Әмірліктері, Люксембург, Катар, Македония, Вьетнам, Сауд Арабиясы, Словения, Сербия, Ирландия).

(<http://kgd.gov.kz/kk/content/tabys-pen-kapitalga-salynatyn-salyktarga-katysty-kosarlangan-salyk-saludy-boldyrmay-zhne-0>).

ҚАДАМ 4. БАНКТІК ШОТ АШУ

ҚР шетел азаматтары ағымдағы шотын ашу үшін банкке келесілерді ұсынады (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014422>):

- жеке басын куәләндыратын құжат;
- ЖСН.

ҚАДАМ 5. САЛЫҚ САЛУ

Шетел азаматы ҚР жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден алынған көздерден алынатын табыстан 20% салық төлейді.

(<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>).

ҚАДАМ 6. БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТЫ ТАНУ (білім алушылар үшін)

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылдағаннан кейін оқудың бірінші академиялық кезеңінде тану рәсімінен өтеді.
(<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017650>).

Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылуы тиіс.

Білім туралы құжаттарды тану туралы өтініш берген кезде қаланың «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) келесі **құжаттар** ұсынылады:

1) білім туралы куәлікті тану туралы өтініш;

2) білім туралы құжат және оның қосымшасы (салыстыру үшін түпнұсқа, қайтарылады) және білім туралы құжат пен оның қосымшасының мөрімен бірге нотариалды куәландырылған аудармасы (құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда).

3) шетелдік азаматтар үшін - білімі туралы құжат иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен).

Егер білім туралы куәліктің иесі оны алғаннан кейін тегін, атын, әкесінің атын (егер болса) өзгерткен болса, тегін, атын, әкесінің атын өзгерту (егер болса) немесе неке немесе ажырасу туралы актіні мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін ұсыну қажет;

4) төлем туралы түбіртек.

(<http://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005135>).

Құжаттарды тану қызметтерінің құны (2020 жылға 1 АЕК - 2651 тг):

- Негізгі орта және жалпы орта білім туралы - 6 АЕК;
- Техникалық және кәсіптік білім туралы - 8 АЕК;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы - 10 АЕК.

(https://egov.kz/cms/kk/mobile-services/185pass_mon).

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

➤ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV Заңы¹.

➤ «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы №11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы №1100 бірлескен бұйрығы².

➤ «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 Қаулысы³.

➤ «Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №207 қаулысы⁴.

➤ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі⁵.

➤ «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы⁶.

➤ «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығы⁷.

¹ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477>

² <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014531>

³ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000148>

⁴ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014422>

⁵ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>

⁶ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017650>

⁷ http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V080005135_